

«Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім
бөлімі»ММ «№2 бөбекжай балабақшасы»МКҚК
кезектен тыс педагогикалық кеңес
№3 хаттамасы

05.01.2025жыл

Қатысқандар -32

Қатыспағандар -0

Төрайым: Е.Жаксыбекова

Хатшы: Ж.Ботантаева

Тақырыбы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына, Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылдың 21 қазан айында бекітілген жоспарының кестесіне сәйкес мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «Жетісу облысы білім басқармасының Текелі қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№2 бөбекжай-балабақшасы»МКҚК өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Күн тәртібінде:

1. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру». Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының жоспар тізімі кестесімен таныстыру.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі 05.01.2025жылғы №1- ші бұйрығымен, комиссия мүшелерімен таныстыру.
- 3.Бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Е.Жаксыбекова сөйледі. «Біздің бүгінгі жиналуымыздың себебі, 2025 жылдың ақпан айында бөбекжай-балабақша мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне енгізілгендіктен, ағымдағы 05.01.-31.01.2025ж. аралығында бөбекжай-балабақшада өзін-өзі бағалауын өткізу жоспарланғанын айтып өтті. Бөбекжай-балабақша меңгерушісі «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелді). Осы құжаттарға сүйеніп бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі

бағалауын, өлшемшерттардағы талаптарды орындау мақсатында кешенді жоспар құрылып, жұмыс жүргізілуі қажет екенін айтты. Әдіскер, Л.Кабдулова әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасына бөбекжай-балабақшаның меңгерушісін ұсынды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай- балабақша әдіскері өз сөзінде комиссия құрамымен таныстырды.

Комиссия мүшелері:

Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі бөбекжай- балабақша әдіскері Л.Кабуловаға жүктелді.

Үлгілік оқу жоспарының қазақ тілінде оқытатын топтарда орындалу барысы Ж.Ботантаеваға тапсырылды.

Үлгілік оқу жоспарының орыс тілінде оқытатын топтарда орындалу барысы тәрбиеші Е.Свистуноваға жүктелді.

Балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету және жеке дамуын жоспарлайтын құжаттарын қарау тәрбиеші Г.Конырбаеваға жүктелді.

3. Бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша жоспармен әдіскер Л.Кабдулова таныстырды.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы туралы мәлімет;

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттардың орындалуы;

Тәрбиеленушілердің контингенті мен баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің талдауының болуы;

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттардың сақталуы;

Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптардың орындалуы;

Көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі (ата-аналармен, педагогтармен сауалнама жүргізу) нәтижесін шығару;

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қорын жинақтау;

Осы жоспар бойынша құжаттамаларды талдау комиссия мүшелерінің күзиреттілігіне берілді.

Шешім:

1. 2025 жылға арналған Мемлекеттік аттестаттау кестесімен «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына» сәйкес құжаттарды жинақтау.

2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі 05.01.2025 жылғы №1 ші бұйрығы негізінде комиссия мүшелеріне іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстарды жүргізу жүктелсін.

3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша жоспар бекітілсін, құжаттамалар талдау комиссия мүшелеріне тапсырылсын, 2025 жылдың 31 қаңтар айына дейін өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру үрдісінің барлық қатысушылардың назарына жеткізу және нәтижелері бойынша есеп берілсін.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



Е. Жаксыбекова



Ж. Ботантаева